

## Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларындағы этномәдени ақпараттардың мазмұны

Тарихи дереккөздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, фразеологиялық, паремиологиялық, прецеденттік жүйедегі тілдік деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі – қазіргі тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттағы зерттеулердің негізгі арқауы.

«Білімнің әрбір жаңа парадигмасы жаңа мәселелерді ғылыми таным нысанасына алудың өз үлгісін, өз моделін және оны шешу жолының да өзіндік әдістерін ұсынатыны белгілі. Когнитивтік лингвистика құрылымдық тіл білімімен «сөз таластыра», «білім жарыстыра отырып» қалыптасса да структуралық (құрылымдық) тіл білімінің ұстанымдарымен қайшылыққа түспейді, қайта оны өз керегіне пайдаланады» [1, 10-12]. Осыған орай когнитивтік лингвистиканың негізгі мәселесі – таным мен тіл мәселесі.

Адамның таным әрекетіне тілдің қаншалықты дәрежеде қатысы бар екендігін анықтау – когнитивтік зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. Орыс ғалымы В. Маслова бұған қатысты ұстанымын былай деп білдіреді: «Когнитивтік лингвистиканың басты мақсаты - адамның әлемді түсінуі, қабылдау процесі, білімді жинақтау қалай жүзеге асатынын саралау» [1, 12]. Олай болса когнитивтік лингвистика саласының міндеті – адамзат әлемінің қоршаған орта құбылыстарының, уақыт пен заман таңбасының адам дүниетанымындағы бейнесі, сөз қуаты арқылы қалай танылғандығын саралап, сипаттау. Осымен байланысты тілдік бірліктер адам санасында қандай дәрежеде бейнеленетіндігі таным тереңдігіне қатысты болмақ. Сол себепті де зерттеудің мәні адамның, тілдік тұлғаның өзін қоршаған тілдік дүниені тану әрекетімен тікелей байланысты. Ал адамның осындай күрделі когнитивтік әрекетін тіл мен ойлаудың (тіл-ойлау) арақатынасын саралап зерттеу арқылы ғана толыққанды бағалауға болатыны белгілі.

Осымен байланысты ұлт пен тіл, ұлт пен мәдениет сабақтастығында қарастыратын үрдіс тіл табиғатын зерттеуде жаңа сапаға көтерілуде. Соның ішінде тарихи-этникалық үрдісті сипаттайтын рухани ақпарат көзінің бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармалары.

Тағы да Тұрмағамбет шығармаларына жүгінейік.

**Шатыр.** *Осыдан алып гибрат шатыр тікті, Қаданы ортасына қадап мықты. Болғанмен басы күлкі барлық елге, Жайылып шатыр, шайла жүзге шықты* (Т.І.). Л.Будагов: Шатыр 1) палатка, шатеръ, полочъ. 2) женское бьюе покрывало, въ которое окутываются въ головы до носъ, зонтикъ (454). Шатырдың әуелгі мағынасы күнқағар болған сияқты. М. Қашқарида отау сөзі «шатер, жилище» мағынасында келтірілген (ДТС, 373). Шатыр – көшпелі қазақ халқының тұрмыс ерекшелігін көрсететін мәдени мұраның бірі. Оның кеңінен қолданылғанын «Қобыланды батыр» жырынан байқауға болады:

Бұл сөзді айтып Қобыланды  
**Шатырға** қайтып келеді;  
Жағалай таудың жатыр-ай,  
Жарасар тіккен **шатыр-ай**.

Бұдан «шатыр» атауының өте ерте кезден түсінікті ұғым екені көрінеді.

**Айуан.** *Болған соң сүтінді үш мың соғып тақтап, Төсетіп мәрмәр тас жерін таптап, Кіршаптың өзіне арнап салды айуан, Өнерді қалмайық деп ішке сақтап* (Т.І.). **Айуан** – сарай, үйдің алдыңғы бөлігі.

Орыс зерттеуші-этнографы Н. Харузиннің 1896 жылы «Этнографические обозрение» атты жинақта көшпелі және жартылай көшпелі түрік және монғол халықтарының тұрғын үйлерінің даму тарихына арналған алғашқы зерттеу еңбегі жарық көрді [2]. Еңбек екі бөлімнен тұрады. Біріншісі көшпелі баспаналардың, екіншісі тұрақты баспаналардың түрлеріне арналған. Ол қазақтардың жартылай отырықшылық тұрмыс кешіп жатқандарының

арасында уақытша, жорықтық баспана ретінде немесе кедей бөлігінде алғашқы қауымдық конус тәрізді күркеге ұқсайтын баспананың тірнеше түрінің пайдаланылатынын айтады. Ағаштардың бастарын байланыстыра отырып, ортасына от жағып, үстінен түгін шығатын орын қалдырып, киізбен жауып, сыртқа шығатындай тесік қалдырылған күркені сипаттайды. Ал қазақтардың қарапайым баспанасының бір түрі – қостың, диаметрі 1-2 сажындай шеңбер құратын ағаштарды біріктіре отырып жасалғанын, ал одан күрделілеу түрінің абылайша деп аталатынын айтады және оны былайша сипаттайды: түзу ағаштарды еңкейте қойып, бас жақтарын арнайы дайындалған ағаш шеңберге – шаңыраққа бекітеді. Бір киізбен керегені жауып, жоғары жағынан түгін шығатын тесік қалдырады. Халықтың айтуы бойынша,- дейді ол, бұл баспананың түрін ойлап тапқан хан Абылай болған.

Ол мұндай күркені жауынгерлерінің жорығы кезінде пайдаланған, сондықтан ондай күрке «абылайша» деп аталып кеткен. *Абылайша* өзінің түрі бойынша қазақтардағы басқа баспаналардан өте ерекшеленеді, ал оны ойлап тапқан хан Абылай дейтін аңыз, шамасы, салыстырмалы түрдегі өзінің құрылысы бойынша күрделі торкөзді киіз үйден үлкен айырмашылығын көрсетуге ұмтылуды байқатса керек. Автор бұл еңбегінде келтірілген мәліметтер негізінде конус тәріздес күркенің түрінің түркі халықтарында кеңірек таралған және ең ежелгі болғандығын сенімді түрде айтуға болатынын, сондай-ақ оның моңғолдарға да белгілі болғандығын атап өте келе баспананың бұл түрі аталған халықтарда баспана тарихының дамуында алғашқы болғандығын айтып қорытынды жасайды.

«Ақыр соңында, – дейді Н.Харузин, – конус тәрізді күрке тасымалдауға жеңіл болғандықтан тұрақты баспана түріне айналды. Бұл тұрғындардың әлі де көшпелі өмір салтын ұстанғанына қарамастан тұрақты баспана категориясына жақындата түсті. Кейбір облыстарда ағаштың көп болуы күркенің керегелерін салыстырмалы түрде жуандау ағаштардан жасауға мүмкіндік береді. Бұл оларды тасып жүруді қиындатты. Нәтижесінде материалдардың көптігі мен арзан болуы арқасында күркенің керегесін бұрынғы орнында қалдырып, көшу кезінде тек жабатын жапқыштарын ғана алып жүрді. Күркенің керегесін қалдыру көбінесе ормандағы аңшылардың арасында мал бағудың аз таралуына байланысты болғанын, отбасында жүк көлігі үй заттарын алып жүретін көлемде ғана болып отырғанын айта отырып, оны алтайлықтар мысал бойынша дәлелдейді. Сөйте келе, конус тәрізді күркенің тарихын сабақтай отырып, біз баспананың отырықшы түріне дейінгі дамуына келеміз», – деген тұжырым жасайды [2].

**Шаңырақ.** *Кереге, уық тапқанмен, басын бір қосар шаңырақ жоқ* (Т.І.). Шаңырақ – отверстие кровли, куда вставляются концами унины; оно дъляется круглое, какъ большое колесо, изъ березоваго дерева и имъеть перекрестные радіусы – күлдіреуіш (Буд.163-165); Шаңарак деревянное кольцо въ дымовомъ отверстіи юрты (Радлов, 942). Чангарак – деревянный круг или обруч, служащий крышей или сводом юрты (Пот.150). Шаңырақ – Жазба монғол тілінде – «чағарығ», қазіргі монғолдарда – «цагариг», буряттарда – «сахариг», тұлғалары біздегі «шеңбер», «кұрсау» орнына жұмсалған (ССТМЯ, 1977, 378).

**Уық** – шаңырақ пен керегені жалғастырып тұратын иілген таяқшалар. Ук шест, образующіе крышу юрты (Рад. 1606). Мұны у-ық түрінде мүшелеуге болатын сияқты. Өйткені туырлық, үзік дегендермен құрамдас келеді [3, 251]. М. Қашғари ОҚ // ОҒ уық. ЕВ оқы – үйдің уығы; ИҒ УҒ:уық, киіз үйдің уығы, тіреу ағаш [4, 66-76]. Кир. ук, *дж* УҒ к сл. УУҚ выгнутые палки въ отверстіи кибитокъ, составляющія родъ стропиль, по казачьи унины (деревянная покрывка палатки) [Буд.том I.1869]. Ж. Манкеева: Уық. ууқ (қырғ.) ~ уық (ққалп, қаз.) М.Қ. иу көгу үйдің сүйегін ұстайтын ағаш таяқшалар [4, I. 48]. Сондықтан сол кездің өзінде-ақ бұл тұлға түбір емес, морфологиялық даму арқылы құрылымы қалыптасып, атау мәніне ие болған. Бірақ жорамал арқылы ажыратылатын ерін дауысты (у) Э.В. Севортян түбір деп алуға дәлел жеткіліксіз деп санайды [5, 583-584].

**Кереге** – киіз үйдің қабырғасын құрайтын ағаш (Радлов. т. I. ч. 2, 1606). Кереге иілген ағаштардан тор көзді етіп, көнмен көктеу арқылы жасалады. Оның санына байланысты киіз үй алты қанат, сегіз қанат, он екі қанат үй деп бөлінеді

**Ит кірмес.** *Жағасыз, жеңсіз жейдемен, Ат қылып мініп асарсың, Ит кірмес пен бақаннан. Жер ошақтай жер қазып, Жатқызып жалғыз ішіне, Қайтады халқың апарған* (Т.І.). Н. Харузин П. Маковецкийге сілтеу жасай отырып, бұрын есіктің орнында ит кіріп кетпеу үшін – иткірме деп аталған жай ғана торкөзді шарбақша қойылған, ал қазіргі кезде, екі жақтаулы есіктер жиі кездеседі, – дейді [2]. Есіктің жақтау ағашында, яғни босағада кереге байланатын тесіктер жасалады.

Екі жақтан біріктіріліп жабылатын есік қалмақтардың, сондай-ақ моңғолдардың да кездесетінін, қалмақтардың мұндай есігінің қазақтардікінен айырмашылығы қалмақтарда есіктің екі жағы да жақтау ағашына берік етіп бекітіледі, сол себепті де көшкен кезде есік жақтау ағашымен бірге тасылады. Қалмақтардың есігінің сыртынан киізбен жабатынын жаза отырып, оның екі жақтаулы ағаш есік пайда болғанға дейінгі кезеңнің сарқыншағы деп суреттейді. Есік әдетте оңтүстікке, немесе желге қарсы жаққа қаратылып орнатылады [2, 36].

Ж. Манкеева *иткірмес* – киіз үйдің ағаш есігі, ергенек деп анықтайды [6, 297]. Тұрмағамбет ақын қолданысындағы *ит кірмес* ерте кездегі есіктің орнына қолданылған нәрсе екендігін аңғарамыз.

**Іргенек, ергенек.** *Сөздің парқын байқайтын, Білімді бірақ ер керек. Білмегендер бұлғақтар, Ілгендей мойнына ергенек* (Т. І.). **Іргенек, ергенек** – киіз үйдің есігінің орнына қолданылатын нәрсе. Киіз үйдің киіз есігі бар да, сықырлауығы жоқ кезде іргенек жасалады. Ол бойы бір метрдей ағаш шарбақ болады. Оны тоқылған шиден де істейді. Оның бір жағын босағаға бекітіп те қояды, кәдімгі қаша сияқты, есік көлденеңідей. Бос та тұра береді. Егер үй іші бір жаққа кететін болса, оны есікке көлденең қоя салады. Қазақ үйге адам кіреді деп қорықпаған. Өйткені қазақтар үйге кіріп тамақ ішуге, сусындауға, тынығуға құқылы болған. Ол қазақтың жазылмаған заңы, дәстүр – салты. Іргенекті үйге мал, ит – құс кіріп кетпеуі үшін істеген. Мұны «ит кірмес» деп те атаған. Бойжеткен қыздарға жеңгелері ұрысқанда «немене, осы үйдің есігіне іргенек, қазанына қақпақ болайын деп пе едің?!» деседі [7, 100]. «Есіктен іргенек кетсе, иттен иба кетеді» деген мәтел осындайдан шықса керек.

Біздің талдау нысанымызға алынған Тұрмағамбет ақынның шығармашылығы ХХ ғасырдың басын қамтығандықтан, сөздік қоры жағынан қазіргі әдеби тілден мүлде алшақ кетпейді. Дегенмен шайыр шығармаларында қазіргі тілдік ортаға түсініксіз, тосын көрінетін тілдік бірліктер кездеседі. Мысалы, **бажы басу.** *Артыңа иман атты бажы басып, Беймезгіл ашуымен астың құмға* (Т.І.). **Бәжі басу** (дәстүр). Қызған темір адамның маңдайына немесе май құйрығына басылады. Бұл – қылмыскердің ар-ұятына басылған өлмес, өшпес таңба. Мұны «бәжі басылған» дейді. Бұл сирек оқиға болғандықтан, оның аты елден-елге тарап, әңгімеленеді. Бұдан кейінгі ұрпақтары да ұялып жүретін болады. Нағашы-жиендер арасында да айтылып, күлкіге айналдырылады [8, 118]. Бірақ ақын қолданысында *иман атты бажы басу* деп, ауыспалы мағынада «иманды өзіне таңба етіп алдың, иманға ұйыдың» мағынасында қолданылып тұр.

**Басына бақ бүркіті балапандау.** *Шырын тіл, шырайлы жүз, болсаң балдай, Боларсың бұлт шөгетін биік жалдай. Басыңа бақ бүркіті балапандап, Ер жетіп аңға ұмтылар аңдай-аңдай. Бақ құсына бақташы болу. Бақташы бақ құсына болғаннан соң, Ықпалдың өзі-ақ келер ыққан салдай* (Т.І.). «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» (Ж.Баласағұн). Қазақ мәдениетінде бақыттан гөрі баққа көбірек мән беріледі. Ұлттық дүниетанымда бармақтай бақ адамның ғұмыр бойына бақытты болуы үшін жеткілікті. «Бармақтай бақ берсін» деген тілек осыған меңзейді.

Бақ Жаратушыдан адамға беріледі деген түсінік қалыптасқан. Адам жаратушыдан жалбарынып бақ сұрайтыны да содан: «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер». Халық арасында ең мәнді бата тілек – «Бағың ашылсын». Әсіресе, бақ қыз балаға, әйел адамға

бағышталатынын байқауға болады. Оның прагматикалық интенциясы – әйел бағы тұрмыс құрумен, бала сүюмен айқындалады. Той жоралғыларында үлкен кісілердің жас жұбайларды маңдайынан сүйіп, бақ тілеуі «бақ маңдайда жазылады» деген түсінікпен ұштасып жатыр.

**Қара айналу.** *Жігітке қара айналған, бақ айналад, Осы анық, аңдауымда ырым саған* (Т.І.). Бұл жерде ақын *қара айналу* деп басына мал біту, малды болуды айтып отыр.

**Бөз кию.** *Өлген соң оған біз де қауышармыз, «Ұйықтасын» торқа болып киген бөзі* (Т.І.). Бұл жерде бөз кию – кебін кию. Кебін ақ матадан не бөзден даярланады. Кебіндік матаның адал еңбекпен табылған болуы шарт. Тіпті ешнәрсе табылмаса, адал малдың терісімен де кебіндеуге болады. Тұрмағамбет ақын: *«Кигізіп үш қабат бөз көрге қойып, Көзіңе көп жиылып құмды құяд. Жер жүзін жетегінде жүргізгендер, Жетсе уақыт жер ошақтай жерге сияд»*, - дейді.

Ер адамның кебіні үш бөліктен тұрады:

- кіндіктен төменгі жағын орайтын – белдемше (лифафа);

- көйлектік (қомис);

- мәйітті басынан аяғына дейін түгел жабатын кебін (азар) [9, 332]. Үш қабат бөз кигізеді дегенде осыған меңзесе керек.

Қорыта айтқанда, адамның танымдық қызметі белгілі бір нысандарды өзге нысандардан айырып тану арқылы дамиды. Объектілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау арқылы олардың айырым белгілері мен шегін табуға болады. Бір-бірінен ажыратылатын белгілері негізінде нысандарға нақты анықтама бере аламыз. Танымның аталған мәселесі (нысандарды ажырату, оларға анықтама беру) нысанның өзге нысандар жүйесіндегі орны айқындалған жағдайда шешімін табады.

**Баймаханова Шолпан Үсенқызы** – педагогика ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Маслова. Лингвокультурология. – М., 2001. 208 с.
2. Харузин Н. История развития жилища тюркских и монгольских народов. 2-е изд. Доп. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 183-б.
3. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері. АДД. – А., 2005
4. Қашғари М. Түрік тілінің сөздігі: 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы, ХАНТ, 1997.
5. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / АН СССР. Ин-т языкознания. – М.: Наука, 1974. – 768 с. 583-564.
6. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356-б.
7. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбір бір. – Алматы: Қазақ уни-ті, 1993. – 176-б.
8. С. Кенжеахметұлы. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті.
9. Шариат. Құраст. Н. Өсерұлы. – Алматы: Қайнар, 1996. – 352-б.